

Қазақстан Республикасының ішкі су жолдарындағы көлік оқиғаларын есеп жүргізу мен зерттеу, жіктеу туралы ЕРЕЖЕ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі 1995 жылғы 26 шілде N 151 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1995 жылғы 31 қазан N 123 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2006 жылғы 23 маусымдағы N 153 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен (V064308)

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы ереже Қазақстан Республикасының ішкі су жолдарында болған көлік оқиғаларында мыналарға тарайды:

Қазақстан Республикасының кеме қатынасы мен теңізде жүзу қауіпсіздігі Бас инспекциясымен есепке алынған және олардың ведомстволық қатыстылығы мен меншік нысанына қарамастан пайдалануға енгізілген кемелерге;

гидротехникалық ғимараттарға;

Қазақстан Республикасының ішкі су жолдарында болған кезеңдегі басқа мемлекеттік кемелеріне;

жоғарыда аталған кемелер және гидротехникалық ғимараттар көлік оқиғаларына ұшыраған кезде соған қатысқан кіші көлемді спорттық және әскери кемелерге.

1.2. Ережемен қарастырылмаған көлік оқиғалары болған жағдайда оларды зерттеу мен жіктеу туралы мәселені Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің кеме қатынасы мен теңізде жүзу қауіпсіздігінің Бас инспекциясы шешеді.

1.3. Кеме қатынасының қауіпсіздігі үшін жалпы қадағалау және Ереже талаптарының сақталуы үшін бақылау Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің кеме қатынасы мен теңізде жүзу қауіпсіздігінің Бас инспекциясына, ал өз учаскелерінің шекарасында тікелей қадағалау мен бақылау жасау кеме қатынасы қауіпсіздігінің инспекторлары мен кемежай капитандарына жүктеледі.

2. Айқындамалар мен түсініктемелер

2.1. Ережеде қолданылатын атаулар мынаны білдіреді:

2.1.1. Ішкі су жолдары - Қазақстан Республикасының кемелер қозғалысы үшін пайдаланылатын ішкі су жолдарының бөлігі, олар кеме қатынасы үшін Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігімен белгіленеді.

2.1.2. Әскери кеме - Қазақстан Республикасының әскери-теңіз жалауы астында жүзетін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасының шекаралық қызметінің соғыс немесе арнайы мақсаттағы кораблі.

2.1.3. Адамдар апаты - көлік апаты болған жерде немесе соның салдарынан қайтыс болған кез келген тұлғалар.

2.1.4. Гидротехникалық құрылыстар - шлюздар, бөгеттер, көпірлер, кемежай және су тартқыш құрылыстар, толқын тосқауыл және т.б., сондай-ақ әуе және кеме жүрісінің шеңберіндегі су астының өткелдері (кабельдер, су құбырлары, электр жүргізу құбырлары мен телефон желілері, қалқымалы көпірлер).

2.1.5. Кемелерді су басу - корпустың суға толық батуы немесе судың корпусқа толық енуінің немесе шайқалуының салдарынан жүзгіштік қордың толық жоғалуы.

2.1.6. Кәсіби жарамдылықтың жеткіліксіздігі - кемеңің маневрлік және техникалық қасиетін, лоция мен штурмандық уағыздарды қанағаттанарлық білмеуі, дербес жүзудің азғантай тәжірибесі.

2.1.7. Жеңілмейтін және әлдеқалай жағдайлар - табиғи апат себептері, дауыл, су деңгейінің кенет көтерілуі мен түсуі, ағын жылдамдығының кенет өсуі, сырғу, бөгеттерде, шлюздарда су тасуы, мұздардың кептелуі және т.б.

2.1.8. Конструктивті толық бұзылу - айырбастау немесе жөндеу жолымен жоюға болмайтын кемелер мен гидротехникалық құрылыстардың сынуы.

2.1.9. Кеме - жүктерді, жолаушыларды, багаж бен поштаны тасымалдауға, плоттарды, кемелерді және басқа жүзу объектілерін сүйреуге, барлау мен пайдалы кендер табу, балық және басқа кәсіпшіліктер үшін, мұз ою және құтқару операцияларының өндірісі, жер қазу мен басқа жол жұмыстары үшін, шаруашылық, ғылыми және мәдени мақсаттарға арналған өздігінен немесе өздігінен жүрмейтін жүзу құрылыстары.

2.1.10. Құрам - Суда тасымалдауға арналған өзара құрастырылған кемелер (итеру әдісімен троспен сүйреуге).

2.1.11. Кішкене кеме - ұзындығы 7 метрден кем кеме, ал ескегі өлшеміне қарамастан.

2.1.12. Құпия көлік оқиғалары - Кеме қатынасы мен теңізде жүзу қауіпсіздігінің Бас инспекциясында көлік оқиғасы туралы ақпардың 5 күнге дейін болмауы.

2.1.13. Кеме жүргізу қателіктері - ақталмаған тәуекелділік, бағдардан айрылу,

сәтсіз маневр таңдау, вахта Бастығының бұйрықтарын дұрыс орындамау, электр және радио приборларының ақпарларына өте сеніп қалу және т.б.

2.1.14. Кеме жүрісі - кемелердің қозғалуына арналған карта мен жергілікті жерде белгіленген су жолдарының алаңы.

2.1.15. Кеме иесі - кемені меншікті немесе басқа заңдар негізінде пайдалануына қарамай өзінің атынан кемені пайдаланатын жеке тұлға немесе заңды тұлға.

2.1.16. Қақтығысу - жүріс барысындағы кемелер мен құрамдардың өзара соқтығысуы.

2.1.17. Ауыр дене зақымданулары - медициналық қызмет ережелеріне сәйкес дене зақымдануының ауырлық дәрежесі анықталған еңбек ету қабілеті толық жойылған денсаулықтың бұзылуы.

2.1.18. Техникалық жарамсыздық - ДАУ-дың тоқтап қалуы, бас немесе көмекші механизмдердің, қозғалту - басқару кешенінің сынуы, электр беру қондырғылары мен приборлардың сөніп қалуы және т.б.

2.1.19. Көлік оқиғалары - пайдаланудағы кемелермен және құрамдармен болған, салдарынан адамдардың қайтыс болуы мен дене зақымын алуы, кемелерді, гидротехникалық құрылыстарды су басуы немесе конструктивті бұзылуы, мұнай мен мұнай өнімдерінің төгілуі, флот қозғалысының тоқтауы сияқты апатты жағдайлар.

2.1.20. Соғу - кеменің айлақта немесе зәкірде тұрған басқа кемемен, жағамен, гидротехникалық құрылыспен, навигациялық кедергімен, су асты заттарымен, жекелей тас құрамдармен және т.б. жанасуы.

3. Көлік оқиғаларын топтау

3.1. Ішкі су жолдарының көлік оқиғалары апатты және эксплуатациялық оқиғалар болып бөлінеді.

3.2. Мыналар апат оқиғаларына жатады:

3.2.1. Салдарынан адамдар қайтыс болған немесе ауыр дене зақымдары болған көлік оқиғалары.

3.2.2. Толық конструктивті бұзылу, қуаты 225 квт артық өздігінен жүретін және бос кездегі сыйымдылығы 300 т артық өздігінен жүрмейтін одан әрі шығынға жазылатын кемелердің су басуы.

3.2.3. Қайраңға отыру немесе кеменің гидротехникалық құрылыстарын бұзу, соның салдарынан осы жол учаскесінде немесе шлюзда бірінші кеменің келген мезетінен бастап есептегенде 72 сағат және одан артық қозғалыстың тоқтауы.

3.2.4. Көлік оқиғасы кезінде 10 тоннадан аса мұнай мен мұнай өнімдерінің төгілуі.

3.3. Мыналар эксплуатациялық оқиғаларға жатады:

3.3.1. Апатқа қатысы жоқ барлық басқа көлік оқиғалары.

3.3.2. Адамдардың өлуі мен ауыр дене зақымдарынан басқа салдар болғанына қарамай көлік оқиғалар.

3.3.2.1. Басқа кемелерге көмек көрсету кезінде апаттан құтқару жұмыстары кезінде апаттан құтқару экипаждың дұрыс әрекет жасауынан пайда болған оқиға.

3.3.2.2. Қарсы тұруға болмайтын табиғи апаттың салдары.

3.3.2.3. Мұзды жерлерде кемелер жұмыс жасаған кезде.

3.3.2.4. Экспериментальды және тәжірибе рейстері мен жұмыстарды жүргізу кезінде болған оқиғалар.

4. Көлік оқиғаларының түрі мен себептері

4.1. Көлік оқиғаларының түрлері

4.1.1. Қақтығысу

4.1.2. Соғу

4.1.3. Кемелердің батуы

4.1.4. Қайраңға отыру

4.1.5. Гидротехникалық құрылыстардың зақымдануы

4.1.6. Басқалары (4.1.1 - 4.1.5. тармақтарға жатпайтын кемелер қозғалысы кезіндегі басқа көлік оқиғалары)

4.2. Көлік оқиғаларының себептері:

4.2.1. Қалыптық - нұсқаулық құжаттарда қарастырылған лауазымдық міндеттерді кемең жеке құрамының орындамауы.

4.2.2. Вахта бастығының немесе кемең экипаж мүшелерінің еңбек тәртібін бұзуы.

4.2.3. Кәсіби жарамдылықтың жеткіліксіздігі, кеме жүргізудегі қателіктер.

4.2.4. Жолдың, гидротехникалық құрылыстардың күтіп ұстауының, кеме жүрісінің навигациялық жабдыкталуының қанағаттанарлық еместігі.

4.2.5. Кеме қондырғыларының, механизмдердің, жүйелердің техникалық жарамсыздығы, конструктивті жетіспеушілігі, кеме корпусының мүмкін болатын тозуынан асуы.

4.2.6. Кеме қатынасының қауіпсіздігін реттейтін құжаттардың талаптарын жаға қызметкерлерінің орындамауы.

4.2.7. Қарсы тұруға болмайтын және әлдеқалай жағдайлар.

4.2.8. Басқалары

5. Көлік оқиғалары туралы хабарлама

5.1. Көлік оқиғалары туралы кемең және (немесе) гидротехникалық құрылыстардың капитаны (командирі) немесе басқа лауазымдық тұлғалар,

олардың ведомстволық қатыстылығы мен меншік нысанына қарамай жедел байланысты пайдалана отырып (радио, телефон, телеграф және басқалары) жақын арадағы кеме қатынасы инспекциясының учаскесіне, сондай-ақ кемежайдың немесе гидроқұрылыс ауданының диспетчерлік аппаратына кеме иесіне 1 қосымшада көрсетілген мәліметті жедел түрде хабарлауға міндетті.

Аталмыш лауазымдық тұлғалардан келіп түскен, сондай-ақ кеме қатынасы мен теңізде жүзу қауіпсіздігі инспекциясының қызметкерлерімен анықталған мәліметтер Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің кеме қатынасы мен теңізде жүзу қауіпсіздігі Бас инспекциясының желілік учаскелерімен тіркеледі.

5.2. Көлік оқиғалары туралы ақпарат алған басқа көлік кәсіпорнының кемежай гидроқұрылыс ауданының диспетчері, кеме қатынасы мен теңізде жүзу қауіпсіздігі Бас инспекциясы желілік учаскесінің қызметкері болған жағдай туралы жедел түрде қол астындағы басшыларға жеткізеді.

5.3. Көлік ұйымдарының, су жолының Мемлекеттік кәсіпорындары мен гидротехникалық құрылыстардың кеме қатынасы қауіпсіздігінің бассейндік инспекциясының басшылары апат оқиғалары жөнінде Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Су көлігі Департаментін, Кеме қатынасы мен теңізде жүзу қауіпсіздігі Бас инспекциясын және оқиға болған жердегі көлік прокуратурасы органына хабарлайды.

5.4. Көлік оқиғаларына душар болған капитанның (командирдің) немесе басқа лауазымды тұлғаның міндеті:

5.4.1. Көлік оқиғасының зардабын жою немесе азайту шараларын қ а б ы л д а й д ы .

5.4.2. Апат болған кезде кеме иесімен, жақын арадағы көлік кәсіпорнымен және кеме қатынасы мен теңізде жүзу қауіпсіздігі инспекциясының желілік учаскесімен тұрақты байланыс жасайды.

5.4.3. Оқиға болған жерден тек кеме қатынасы мен теңізде жүзу қауіпсіздігі инспекциясының рұқсатымен ғана кетеді.

5.4.4. Үш күндік мерзім ішінде 2 қосымшада көрсетілген нысан бойынша үш дана қылып "Көлік оқиғасының актісін" құрастырады.

5.4.5. Гидротехникалық құрылыстардың көлік оқиғаларының актісі олардың иелерінің өкілдерінің қатысуымен ресімделеді.

5.4.6. Көлік оқиғаларының қатысушылары екеу және одан артық болған кезде көлік оқиғасының актісі олармен бірлесіп құрастырылады. Көлік оқиғасының себептері мен зардабы туралы әртүрлі пікір болғанда актілер жеке дара қ ұ р а с т ы р ы л а д ы .

5.5. Көлік оқиғалары болған кезде капитанның мәліметіне қарамастан кеме мен гидротехникалық құрылыстардың иелерінің міндеті:

5.5.1. Суында оқиға болған кеме қатынасы мен теңізде жүзу қауіпсіздігі инспекциясының желілік учаскесіне, ал апат туралы көлік прокуратурасына жедел түрде хабарлайды.

5.5.2. Ақпаратта көлік оқиғасының орны мен уақтысы, себебі мен күйі, болған зақымның сипаты және оның зардабын жою бойынша қабылданған шаралар көрсетіледі.

5.5.3. Келесі ақпаратты берудің нақты уақтысын кеме капитаны (командирі) белгілейді.

5.5.4. Қажет болған кезде көлік оқиғасының зардабын жою бойынша жұмыстарды басқару үшін сол жерге барады.

6. Көлік оқиғаларын тергеу

6.1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің кеме қатынасы мен теңізде жүзу қауіпсіздігі Бас инспекциясының бөлімшелерімен мыналар тергеуге жатады:

6.1.1. Апаттар.

6.1.2. Эксплуатациялық оқиғалар.

6.2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Су көлігі Департаменті қажет болуына қарай апаттың зардабын жою әрекеттерін үйлестіру мен басшылық жасау бойынша, зардап шеккендерге көмек көрсетуде, қозғалысты қалпына келтіруде, тергеуде және т.б. бойынша комиссия құрады.

6.3. Көлік оқиғаларын тергеу мына мерзімдерде жүзеге асырылады:

6.3.1. Жолаушы кемелерінде - 5 тәулікке дейін.

6.3.2. Басқа кемелермен, құрамдармен (соның ішінде плоттық) және гидротехникалық құрылыстармен - 10 тәулікке дейін.

6.3.3. Сараптаулар жүргізілген кезде, апаттың шиеленіскен себептерін шешуде кеме қатынасы мен теңізде жүзу қауіпсіздігінің бас инспекторының шешімі бойынша аталмыш мерзімдер 10 тәулікке дейін ұзартылуы мүмкін.

Ескерту: көлік оқиғасы тіркелген мезеттен бастап кеме қатынасы мен теңізде жүзу қауіпсіздігі Бас инспекциясы желілік учаскесі бастығының қаулысы шыққанға дейін уақыт зерттеу уақтысы болып табылады. Тергеу органдарына жіберілетін материалдар бойынша оларға тергеу мерзімінің ұзартылғаны туралы хабарланады.

6.4. Көлік оқиғасының зардабын жою және осы кеме жолының учаскесінде қозғалысты қалпына келтіруге тергеу жұмыстары кедергі жасамауы тиіс.

6.5. Көлік оқиғасына тергеу жүргізетін инспекция қызметкерлерінің мынадай қысқартары бар:

6.5.1. Іске тікелей немесе жанама қатысы бар тұлғалардан істің мән-жайы бойынша жазбаша түсініктемелер алуға және жазбаша түрде сұрақтарды нақтылауға, ұнтаспаға жазып алуға, тергеу материалдарын жаға

радиостанциясының ұнтаспа жазуларына бірге қосуға.

6.5.2. Көлік оқиғасының мән-жайын нақтылауға қажетті материалдар мен құжаттарды лауазымды тұлғалардан талап етуге.

6.5.3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің жанындағы Теңіз және Өзен Регистрі кәсіпорындарының, лабораториялардың, ғылыми мекемелер мен арнайы құрылған комиссиялардың қызметкерлерінен көлік оқиғаларының себептері мен мән-жайын ашу мен нақтылау мәселелері бойынша тұжырымдамаларды алуға.

6.5.4. Кеме иелерінен, Су жолдары мен гидротехникалық құрылыстардың Мемлекеттік кәсіпорындарының басшыларынан көлік оқиғасының мән-жайын нақтылау үшін қажет болуына қарай сараптау жүргізуді талап етуге.

6.6. Көлік оқиғасына тергеу мыналармен жүргізіледі:

6.6.1. Шекарасында оқиға болған кеме қатынасы қауіпсіздігі инспекциясының желілік учаскесімен.

6.6.2. Апатқа және эксплуатациялық оқиғаға ұшыраған кеме кеме қатынасы қауіпсіздігі инспекциясы желілік учаскесінің қызмет зонасы (бірақ осы бассейннің ішінде) шеңберінен кетерде алғашқы құжаттарды жинау осы кеме орналасқан жердегі кеме қатынасы қауіпсіздігі инспекциясының желілік учаскесімен жүргізіледі, одан әрі материалдар қорытынды жасау үшін тиісті жерлерге жіберіледі.

6.6.3. Апатқа немесе эксплуатациялық оқиғаға ұшыраған кеме бассейнінен шыққан кезде алғашқы құжаттарды жинау кеме орналасқан жердегі кеме қатынасы қауіпсіздігі бассейндік инспекциясы жүргізіледі, одан әрі материалдар қорытынды жасау үшін тиісті жерлерге жіберіледі.

6.7. Көлік оқиғаларын тергеу міндеттері:

6.7.1. Кемеңіз, экипаждың, жабдықтардың кеме қатынасының қауіпсіздігін реттейтін қалыптық-өкімдік құжаттар талаптарына сәйкес келу күйін бағалау.

6.7.2. Апаттың немесе эксплуатациялық оқиғаның жағдайын, себептері мен зардабын анықтау.

6.7.3. Көлік оқиғасына қатысты лауазым тұлғаларының іс-әрекетін бағалау.

6.7.4. Қалыптық-өкімдік құжаттардың орындалмаған талаптары көрсетіле отырып, іс-әрекеттері көлік оқиғасының пайда болуын тудырған лауазым тұлғаларын анықтау.

6.8. Ұсынылған құжаттардың негізінде кеме қатынасы қауіпсіздігі желілік учаскесінің бассейндік инспекциясы дәлелденген қорытынды мен апаттарды болдырмау бойынша профилактикалық шараларды жүргізудің кепілдемелерін дайындайды.

6.9. Техникалық құралдарды және сараптау, эксперименттердің нақты зерттеу, дәрігерлік куәландыруларды жүргізу бойынша шығындарды өтеу, Қазақстан

Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің кеме қатынасы мен теңізде жүзу қауіпсіздігі Бас инспекциясы инспекторларының іс-сапарлық және көлік шығындарын өтеу көлік оқиғасына айыпты кеме иелеріне жүктеледі.

7. Көлік оқиғаларының тергеу материалдарын қарау тәртібі

7.1. Тергеу материалдары бойынша Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің кеме қатынасы мен теңізде жүзу қауіпсіздігі Бас инспекциясы желілік учаскесінің бастығы мыналарды жасайды.

7.1.1. Ұсынылған тұжырымдаманың дұрыстығы туралы қаулы шығарады, көлік оқиғасының себебін, түрі мен жіктелуін анықтайды.

7.1.2. Көлік оқиғалары бойынша құжаттарды кеме қатынасы қауіпсіздігі бассейндік инспекциясының бастығына қарауға және бекітуге жібереді, егер осындай бассейндік инспекция жоқ болса құжаттар кеме қатынасы мен теңізде жүзу қауіпсіздігінің Бас инспекторына жіберіледі.

7.2. Апатты тергеу материалдарын алғаннан кейін кеме қатынасы қауіпсіздігінің бассейндік инспекциясының бастығы мыналарды жасайды:

7.2.1. Үш күндік мерзім ішінде материалдарды қарайды, Кеме қатынасы қауіпсіздігі инспекциясы желілік учаскесінің қорытындысын бекітеді немесе онымен келіспесе қарсылық білдіріп, өзінің дәлелді қаулысын шығарады.

Қажет болған кезде, кеме қатынасы қауіпсіздігі бассейндік инспекциясының бастығы 10 күн мерзімге ұзарта отырып материалдарды қайта тексеруге жібереді.

7.2.2. Тергеу материалдары бойынша тұжырымдаманы кемелердің және гидротехникалық құрылыстардың иелеріне - оқиғаның қатысушыларына жібереді.

7.2.3. Көлік оқиғасын тергеудегі бір айдың қорытындысы бойынша тұжырымдама Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің кеме қатынасы мен теңізде жүзу қауіпсіздігі Бас инспекциясына жібереді.

7.3. Кеме иелері мен гидротехникалық құрылыстардың басшылары көлік оқиғаларының тергеу қорытындысын алу бойынша 5 күндік мерзім ішінде мыналарды жасайды:

7.3.1. Көлік оқиғаларына айыпты лауазымды тұлғалардың жауапкершілігіне қатысты шешімдер қабылдайды.

7.3.2. Көлік оқиғаларын алдын алу шаралары мен қабылданған шаралар туралы кеме қатынасы қауіпсіздігі бассейндік инспекциясына хабарлайды.

7.4. Кеме қатынасының мемлекеттік қадағалау органдары тергеу нәтижелері бойынша пәрменді заңдарға сәйкес қалыптық-өкімдік құжаттардың талаптарын бұзған тұлғаларға әкімшілік және материалды айып тағулар жасайды.

7.5. Кеменің және (немесе) гидротехникалық құрылыстың иесі көлік оқиғасы бойынша кеме қатынасы қауіпсіздігі бассейндік инспекциясының қорытындысымен келіспеген жағдайда қорытындыны алған мезеттен бастап 10 күндік кезең ішінде Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің кеме қатынасы мен теңізде жүзу қауіпсіздігі Бас инспекциясына өтініш жасауы мүмкін.

7.6. Кеме қатынасы қауіпсіздігінің бассейндік инспекциясы көлік оқиғалары бойынша тергеуді заңға сәйкес шешім қабылдауы үшін көлік прокуратурасына жібереді.

8. Есеп беру мен көлік оқиғаларын есепке алу

8.1. Көлік оқиғалары ведомстволық қатыстылығы мен меншік нысанына қарамастан кеме мен гидротехникалық құрылыстардың иелерімен есепке алынады.

8.2. Жол мен гидротехникалық құрылыстардың, кеме жүрісінің навигациялық жабдықтарының қанағаттанарлықтай күтіп ұсталмағанының себебінен болған көлік оқиғалары су жолдарының Мемлекеттік кәсіпорындары мен гидротехникалық құрылыстардың иелерінің есебіне жатады.

8.3. Қазақстан Республикасының кеме қатынасының ішкі су жолдарында шетел жалауы бар кемемен болған көлік оқиғасы жүк көтерімділігі, сыйымдылығы, қозғалтқышының қуаты және алған бағытына қарамастан осы Ережеге сәйкес кеме қатынасы қауіпсіздігі бассейндік инспекциясымен тергеледі.

8.4. Көлік оқиғасының салдарынан мүліктік жауапкершілік мәселелері (құтқару, техникалық, коммерциялық және т.б. әрекеттері) заңда белгіленген тәртіппен қаралады.

8.5. Қазақстан Республикасының ішкі су жолдарында болған барлық апаттар мен көлік оқиғалары кеме қатынасы қауіпсіздігі бассейндік инспекциясымен, сондай-ақ кемелердің және гидротехникалық құрылыстардың иелерімен арнайы журналдарда тіркеледі.

8.6. Кеме қатынасы қауіпсіздігі бассейндік инспекциясы Кеме қатынасы мен теңізде жүзу қауіпсіздігі Бас инспекциясына Қазақстан Республикасының Мемстатымен бекітілген N 1-А нысаны бойынша өткен айдың апаттары жөнінде есеп береді.

8.7. Қазақстан Республикасының ішкі су жолдарындағы апаттар бойынша Мемлекеттік статистикалық есеп беру Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі мемлекеттік комитетімен бекітіледі.

8.8. Кеме қатынасы мен теңізде жүзу қауіпсіздігі Бас инспекциясы Қазақстан Республикасының аз өлшемді кемелері бойынша Мемлекеттік инспекциясының, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің жанындағы Теңіз және Өзен Регистрінің жұмысын үйлестіреді, көлік оқиғаларын тергеу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы балық флоты инспекциясымен өзара іс-әрекеттеседі.

| Мына хаттармен келісілді:

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының 1995 ж. 18.05. N 23-18-653-95

Қазақстан Республикасының статистика және талдау жөніндегі Мемлекеттік комитетінің 1995 ж. 29.05. N 11.

1 қосымша

Көлік оқиғасы бойынша кеме иесіне, кеме қатынасы мен теңізде жүзу бас инспекциясына және көлік кәсіпорнының диспетчерлік аппаратына тапсырылатын хабарлардың тізімі

1. Күні, уақтысы, көлік объектісінің аты, тиістілігі.
2. Оқиға орны, навигациялық картадағы км, жақын жердегі елді мекен пункті, кемежай (айлақ), гидротехникалық құрылыстар мен т.б.
3. Жүгі немесе балласты бар көлік объектісінің қайда бара жатықаны, қайдан келе жатырғаны, жүктің түрі мен оның саны, жолаушылар саны, құрам кемелерінің жалпы өлшемі мен батуы туралы мәліметтер.
4. Ауа райы жағдайы, желдің, толқынның, көріністің бағыты мен күші.
5. Штат орындарында навигациялық белгілердің болуы және олардың д ұ р ы с т ы ғ ы .
6. Жүргізуші рубкасы мен машина бөлімінің вахтенныйлары туралы мәліметтер (фамилиясы, аты-жөні, лауазымы, дипломының болуы).
7. Көлік оқиғасының басқа объектісі туралы қысқаша мәліметтер.
8. Болған жағдайлар туралы мәліметтер (көлік оқиғасының түрі, зақымданудың болуы мен сипаты, құрбандар мен адамдар денесінің зақымдануы, қоршаған ортаның ластануы).
9. Көлік оқиғасын бағалауға және оның зардабын жою мен көмек көрсету үшін техникалық құралдарды тартудың қажеттігі туралы шешім қабылдауға мүмкіндік беретін басқа мәліметтер.

2 қосымша

Көлік оқиғасының актісі

Көлік оқиғасының актісінде міндетті түрде мына мәліметтер болуы тиіс:

1. Жылы, күні, айы, құрастырушылары туралы мәліметтер (лауазымы, фамилиясы, аты-жөні, ал куәлар үшін - әрқайсысының тұрақты жері).

2. Көлік объектілері мен гидротехникалық құрылыстар туралы негізгі мәліметтер (аты, түрі, қуаты, жүк көтерімділігі, габариты, жүктердің түрі және т. б.)

3. Көлік оқиғасының қатысушылары - вахта бастықтары туралы мәліметтер (лауазымы, жасы, арнайы білімі, өзен көлігіндегі, басшы қызметтерде және атқарған қызметтеріндегі еңбек өтілі, жұмыс дипломы немесе куәлігі, оларды алған және берілген күні).

4. Көлік оқиғасы болған учаскенің гидрологиялық сипаттамасы, ауа райының күйі, көрінісі, кеме жүрісі және оның жарияланғанына сәйкес келуі, штат орындарында навигациялық белгілердің болуы мен олардың қалыптық талаптарға сәйкес болуы және т.б.

5. Көлік оқиғасы болар алдындағы әрекет пен мән-жайлардың бағалануы.

6. Көлік оқиғасының мән-жайлары (барлық маневрларды, жүріс жылдамдығын, өкімдерді, командаларды, сигналдарды және т.б. бірінен соң бірін көрсете отырып нақты бейнелеу).

7. Көлік оқиғаларының зардабын жою әрекеттерін қоса есептегенде адамдар мен жүктерді, экипажды құтқару әрекеттерінің реті.

8. Жарақат алған немесе қайтыс болған адамдардың саны, олардың фамилиясы, аттары, тұрғылықты жері, туған жылы.

9. "Кеменің техникалық актісімен" ресімделуі тиіс тұрақтың, механизмдердің, қозғалтқыштардың, басқару қондырғыларының зақымдануы.

10. Зақымдану салдарлары (бөлшектердің суға батуы, жүктердің жоғалуы мен бұзылуы, қоршаған ортаның ластануы, қозғалыс мүмкіншілігі және т.б.).

Көлік оқиғасы актісінің бірінші данасы қосымшасымен бірге кеме қатынасы мен теңізде жүзу қауіпсіздігі инспекциясының желілік учаскесіне, ал екінші және үшінші данасы - көлік объектілерінің иелеріне жіберіледі, актілердің көшірмесі көлік оқиғасының қатысушыларында қалады.

Көлік оқиғасының актісіне мына құжаттар қоса беріледі:

- көлік оқиғасы болар алдындағы вахта бастығының әрекетін қоса есептегенде оқиға болған мезетте және онан кейінгі кезеңдегі вахта журналынан (к е м е) ү з і н д і ;

- жүргізілуі осы көлік объектісінде қарастырылған және қажетті басқа журналдар мен машина журналынан үзінді;

- барлық қатысты тұлғалардың түсініктемелері, бірінші кезекте вахтенныйлардың, егер куәлар болса, солардың көрсетулері;

- көлік оқиғасы болған орын, сондай-ақ көлік объектілерінің орналасқан тізбегі және т.б. көрсетілген сызба;

- көлік оқиғасы учаскесінің навигациялық картасының көшірмесі;
- кемеңің техникалық актісі;
- көлік оқиғасына қатысы бар басқа құжаттар мен заттай дәлелдемелер (радиограммалардың, бұйрықтардың, өкімдердің, курсограммалардың, суреттердің, тахограммалардың көшірмелері, тралдау немесе тереңдіктерді өлшеу, механизмдер мен қондырғылардың істен шығуы туралы актілер, нұсқау ж ө н і н д е г і ж у р н а л д а р) .

Барлық ұсынылған құжаттар көлік объектісінің капитанымен (командир) сендірілуі және кеме мөрімен бекітілуі тиіс.

Қылмысты білдіретін хабарлар болған кезде жоғарыда аталған барлық құжаттар тергеу органдарына тапсырылады.